

GZ-75 тапаншаларының импортына рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қарашадағы N 1133 қаулысы "Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Victory LTD" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі - "Victory LTD" ЖШС) "Victory LTD" ЖШС мен "Banzai ltd" фирмасы (Чехия Республикасы) арасында ж а с а л ғ а н 2 0 0 3 ж ы л ғ ы 20 наурыздағы N V02/2003 келісім-шартқа сәйкес 100 дана мөлшерде GZ-75 (СЭҚ ТН коды 930100000) тапаншаларының импортына рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен "Victory LTD" ЖШС-ға осы қаулының 1-тармағында көрсетілген GZ-75 тапаншаларының импортына лицензия берсін.

3. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында белгіленген тәртіппен жоғарыда көрсетілген өнімді бақылау мен кедендік ресімдеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі